




### БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

### ЖАҢА ЖОБА

## ЕМБІДЕ СЕЙСМИКАЛЫҚ БАРЛАУДЫҢ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЕНГІЗІЛУДЕ



«Ембімұнайгаз» АҚ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар аясында Атырау облысындағы Гран кен орнында STRYDE деректері тіркейтін инновациялық сымсыз жүйесін қолдануда.

Жүйе әлемдегі ең ықшам және өте жеңіл 150 грамм салмағы бар автономды қабылдағыштардан тұрады. Олар экстремалды температураға төтеп бере алады және 28 тәулік бойы қуаттауды қажет етпестен, деректерді үздіксіз тіркей алады. Жан-жақты талданған және сапалы ақпарат алуға 4 сағат қана қажет. Бұл сейсмикалық барлау деректерін жинау мен өңдеуге енгізудің жеделдігін айтарлықтай арттырады.

3»»

### ӨНДІРІС КӨРСЕТКІШТЕРІ

#### ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТАР УАҚЫТЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТИІС

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығының өндірісте қолға алынып жатқан жобалардың орындалу барысымен танысуының кезекті сапары «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның кен алаңдарына болды.

2»»

### АШЫҚ АЛАН

#### РУХАНИ ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢА БІЛІМДЕРГЕ АШЫҚ БОЛУ – БҮГІНГІ ЗАМАННЫҢ ШАРТЫ

Жақында «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Мұнайшы қыз» клубының арнайы шақыруымен келген шығыстанушы, «Отбасы хрестоматиясы» жобасының авторы Санжар Керімбайдың мұнайшылармен кездесуінде осы мәселелер кеңінен әңгіме өзегіне айналды.

4-5»»

### HR САЯСАТ

#### ІШКІ ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР МЕКТЕБІ: ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН КОММУНИКАЦИЯНЫ ДАМУ АЛАҢЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да «Ішкі жаттықтырушылар мектебі» жобасы қорытындыланды. Бұл жаңашыл бастаманың мақсаты – қызметкерлердің тәлімгерлік құзреттерін дамыту. Сол үшін ЕМГ қарасты 6 құрылымдық бөлімшеден жинақталған 25 қатысушы еліміздің бірнеше қалаларында өткен модульдік оқу бағдарламасына қатысты.

6»»

### САЛТАНАТТЫ ШАРА



Осыдан дәл 35 жыл бұрын, 1990 жылдың 25 қазан күні Қазақстан тәуелсіздік алу жолындағы алғашқы маңызды қадам болған Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны қабылдады. Құжат Қазақстанның егемендігін жариялады және тәуелсіз мемлекет құрудың негізіне айналды.

## ЕЛДІК ПЕН БІРЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ

### ЕМБІЛІКТЕР РЕСПУБЛИКА КҮНІН АТАП ӨТТІ



Соған сай, еліміз барлық салаларда өзін-өзі анықтауға және тәуелсіз шешімдер қабылдауға өзін қуқығы туралы мәлімдеді. Жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді.

Ел тарихындағы маңызды күнді ембілік мұнайшылар да кен көлемде атап өтті. «Ембімұнайгаз» АҚ қарасты барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде салтанатты жиындар өткізіліп, отансүйгіштік рухты нығайтуға бағытталған іс-шаралар мереке маңызын айшықтай түсті.

2»»

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ



Бүгін Ақордада Республика күніне орай Президент бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар мен сыйлықтарды салтанатты түрде тапсырды.

Ақорда төрінде марапат иеленген әр сала өкілдерінің қатарында біздің әріптесіміз де бар.

«Ембімұнайгаз» АҚ «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы №2 мұнай және газ өндіру шехының 5 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы **Құраш Мақұлов** III дәрежелі «Еңбек даңқы» медалімен марапатталды.

Әріптесімізді жоғары марапатымен құттықтаймыз!



«Самұрық-Қазына» тобының жұмысшылары мемлекеттік наградалармен марапатталды Республика күніне орай еліміздің дамуына қосқан үлесі үшін «Самұрық-Қазына» қоры мен оның компаниялар тобының қызметкерлері мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Солардың бірі – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің 5-дәрежелі зерттеу операторы **Үкібай Төрегаев**. Ол мұнай саласында 45 жыл табанды еңбек еткені үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Марапатты оған «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов табыстады.

## САЛТАНАТТЫ ШАРА

ЕЛДІК ПЕН  
БІРЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ

## ЕМБІЛІКТЕР РЕСПУБЛИКА КҮНІН АТАП ӨТТІ



(Жалғасы. Басы 1-бетте.)

Басқару аппаратында өткен мерекелік шара мемлекеттік Туды салтанатты түрде сахнаға алып шығумен басталды. Ерекше салтанат пен мәртебе берген рәсім залдың Гимні қосыла орындауына жалғасты.

Бұдан соң «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының міндетін атқарушы **Рысты Тасмағамбетова** ұжымды құттықтап, еліміздің тәуелсіздігі мен тұтастығы жолында қызмет етіп жүрген мұнайшылардың еңбегін ерекше ықыласпен атап өтті.

«Республика күні – «ұлттық» мәртебесі бар жалғыз мереке. Тәуелсіздікті кез-келген ұлт қымбат мұра, қасиетті ұғым санайды. Оны сақтау, болашақ ұрпаққа жеткізу – біздің басты міндетіміз.

Елдің даму көшінде мұнайшылардың да өзіндік орны бар. Мұнайшылар еңбектерінің нәтижесінде өміріміздің

экономикасы дамып келеді. «Ембімұнайгаз» ұжымы ел игілігі жолында еңбек етіп, өндірістік жетістіктерімен мемлекеттің дамуына үлкен үлес қосып отырғанын мақтанышпен айтамыз делі Рысты Нұрғалиқызы.



Салтанатты шарада үздік еңбек нәтижелерін көрсеткен ембіліктерге ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасы, Алғыс хаты, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Еңбек сіңірген мұнайшы», «Үздік мұнайшы», «Құрметті қызметкері» төсбелгілері, Алғыс хаты, «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.

Мерекелік жиында патриоттық әндер шырылалып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Шара шымалдығы «Атамекен» әнімен жабылды.

Атаулы шара ел тәуелсіздігінің тарихи бастауы саналатын бұл күннің маңызын арттырып, қызметкерлерге рухани серпін берді.

## ТАҒАЙЫНДАУ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес, төмендегідей лауазымдарға тағайындаулар болды:



**Тілек ҚАЖЫМ** – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның кен орындарын игеру жөніндегі бас инженері;



**Танат СӘРСЕНОВ** – «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Бас инженері;



**Нұрлыбек ЕСМАҒАМБЕТОВ** – «Ембімұнайгаз» АҚ Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;



**Рахымжан ОСПАНОВ** – «Ембімұнайгаз» АҚ Мұнай және газ өндіру департаменті мұнай және газ өндіру бөлімінің бастығы.



**Нұрлыбек ОЖАЕВ** – Өндірістік-техникалық қамту және жабықтармен комплекстациялау басқармасы бастығының (әлеуметтік мәселелер жөніндегі) орынбасары;



**Сырымбек СӘРСЕМБАЕВ** – «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы;

## ӨНДІРІС КӨРСЕТКІШТЕРІ

ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТАР УАҚЫТЫЛЫ  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТИІС

(Жалғасы. Басы 1-бетте.)

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығының өндірісте қолға алынып жатқан жобалардың орындауу барысымен танысуының кезекті сапары «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның кен алаңдарында болды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры **Ринат Ізмұханбет** бастаған жұмыс тобының өндіріске сапары ағымдағы жылың сегіз айы ішінде нәтижесін тапқан іс-шаралармен танысу болды.

Ембі өндіріс алаңдарында қолға алынып жатқан жобалардың жүру барысымен танысқан жұмыс тобының мүшелері жауапты мамандарға атаалмыш жобалардың уақытты іске қосылуын қадағалап тапсырды.

Өндіріс тийімділігін арттыру, шығындарды оңтайландыру және ұңғымаларды жөндеуаралық кезеңдерді ұлғайту жолдарын талқылау мақсатында дөңгелек үстел форматындағы кездесуді өткізу жолға қойылды.

Осымен 3-рет ұйымдастырылып отырған дөңгелек үстел шарасы Прорва кен алаңының



«Каспий самалы» мұнайшылар қалашығының мәжіліс залында өтті. Оған Компанияның өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің жауапты мамандарымен қатар Ембі өндірісіндегі бизнес-әріптестер де қатысты. Кездесуде «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз» және «Қайнармұнайгаз» МГӨБ басшылары 2025 жылың сегіз айлық қорытындысы бойынша өндірістік шығындарды азайту, ұңғыларды жөндеуаралық мерзімі ұлғайту арқылы қаражат үнемдеуге мүмкіндік беретін бағдарламалары туралы

баяндап, өздерінің ұсыныстарын ортаға салды.

– Бүгінгі таңда бізге жаңашылық, жауапкершілік және ұйымшылдық қажет. Компания алдына үлкен маңызды шараларды қойып отыр. Оны жүзеге асыратын – еңбек адамы. Белсенді болайық! Идеяңыз бар ма? Ұсыныңыз. Проблема болса – бірлесіп шешеміз. Ол үшін әрбір адамның белсенділігі маңызды! Бірге ізденейік, бірге жетістікке жетейік! – деген пікірмен Ринат Нұрғожаулы дөңгелек үстел форматындағы кездесуді қорытты.

ҚОҒАМ



## «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ БАС ШЫҒЫСЫ КӘСІПОДАҚ ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет компанияға қарасты барлық басқармадағы кәсіподақ ұйымының жетекшілерімен кездесті. Екіжақты кездесу Кәсіподақ қозғалысының 120 жылдығына, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының 35 жылдығына және Қазақстандық салалық кәсіподағының 30 жылдық мерейтойларымен орайластырылды.

Жобалар Компанияның қор ресурсын көбейтуге, өндірісті тиімді ұйымдастыра білуге, сол арқылы табыс көзін ашуға мүмкіндік беретіндігі баса айтылды. Ал, күткен нәтижеге қол жеткізу компаниядағы ауызбіршіліктің арқасында жүзеге асатындығына



Кездесу барысында еңбек ұжымы мүшелерінің әлеуметтік жағдайы, өндірістік көрсеткіштердің орындалуы және Ембі өнірінде қолға алынған жатқан жобалар туралы кеңінен баяндалды. «Ұжымдағы татулық, бірлескен қызмет – табысты еңбектің кепілі. Кез-келген ұжымның бір бағытта жұмыла жұмыс істеуі, қызметкерлердің ынтымақ пен сенімге негізделген қарым-қатынасы әрқайсымыздың күнделікті жұмысымызға

байланысты. Ұжымшілік кері байланысты жоюға қою – маңызды мәселе. Кері байланыс жүйесін дамыту арқылы ішкі мәдениетті қалыптастырамыз. Жұмысшылар тарапынан болған тиімді ұсынысқа үлкен құрметпен қарау, нақты әрекет ету – ұжымның берекелі дамуының еңбегіне апарар жол», – деп атап өтті өз сөзінде Р.Ізмұханбет. Кездесу барысында қолға алынған жатқан инвестициялық жобалар туралы да кеңінен баяндалды.

жиналғандар жан-жақты тоқталды. Бұл орайда, жұмыс беруші мен жұмысшылар мүддесін қорғайтын кәсіподақ ұйымының бірлескен жұмысын жандандыру өзекті деген оймен жиын қорытындыланды. Кәсіподақ ұйымының жетекшілері ұжымшілік табысты еңбекті нәтижелі етудегі бірлескен жұмыстары үшін «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының Алғыс хатымен марапатталды. Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтті. **ЕГ**

ЖАҢА ЖОБА

## ЕМБІДЕ СЕЙСМИКАЛЫҚ БАРЛАУДЫҢ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЕНГІЗІЛУДЕ



(Жалғасы. Басы – 1 бетте.)

Бір маман өзімен бірге 90 қабылдағышты алып, қондыра алады. Жалпы жүйе жоғары тығыздықтағы бақылау желісін орналастыруды жеңілдетеді. Бұл ретте тартылатын қызметкерлер саны 50% дейін азаяды, өнімділік 4 есе артады, дала жабыдығының салмағы 20 есе азаяды, дала техникалары бұрынғыдан 80% аз тартылып, дала жұмыстарының уақыты орта есеппен 30% қысқарады.

Сонымен қатар жүйені пайдалану кезінде кабельдік инфрақұрылым мен көлемді техника қолданылмайды, барлау жұмыстарының шығыны және қоршаған ортаға әсер азаяды, өндірістік қауіпсіздік деңгейі артады.

Жобаны іске асыруға С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университетінің жас мамандары жұмылдырылған, бұл тұтастай қазақстандық кадрлардың және ғылыми-практикалық базаның кәсіби дамуына ықпал етеді.

Қазіргі заманғы сейсмикалық деректер ескі мұнай-газ кен орындарын жаңаша бағалауға және олардың өнімділік циклін ұзартуға мүмкіндік береді. Ембімұнайгаз «Гран» жобасын инновацияларды одан әрі енгізу үшін негіз болатын ғылым мен технологиялар синергиясының практикалық үлгісі ретінде қарастырады.

**АНЫҚТАМА:** Жоба «Самұрық-Қазына» АҚ жанындағы «Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы қорымен, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университетімен және британиялық STRYDE технологиясының Қазақстандағы және Орталық Азия елдеріндегі ресми өкілі – «Samga Petroleum» ЖШС-мен ынтымақтастықта жүзеге асырылууда. **ЕГ**



КРУГЛЫЙ СТОЛ

В АО «Эмбаунайгаз» состоялась встреча директора департамента корпоративной безопасности АО НК «КазМунайГаз» Жайсана Төлеутаева с руководителями служб безопасности дочерних и зависимых организаций (СБ ДЗО), расположенных в Атырау. Мероприятие, инициированное центральным аппаратом, было направлено на повышение эффективности всей системы безопасности отечественной нефтегазовой компании.

В начале участникам встречи была представлена автоматизированная система E-PASS, предназначенная для оформления, учета и контроля электронных пропусков на производственные объекты АО «Эмбаунайгаз». Данная система разработана в целях повышения эффективности управления пропускным режимом, обеспечения прозрачности процессов допуска персонала и транспорта на объекты компании, а также минимизации

## БЕЗОПАСНОСТЬ – В ПРИОРИТЕТЕ



человеческого фактора при оформлении и выдаче пропусков. Нужно отметить, что E-PASS является ключевым инструментом при проведении служебных расследований, связанных с вопросами пропускного режима, в том числе анализа перемещений сотрудников ЭМГ и подрядных организаций, выявления нарушений порядка доступа, а также при формировании отчетности по событиям входа на территорию объекта и выхода. Руководитель службы корпора-

тивной безопасности АО «Эмбаунайгаз» Руслан Кенжегалиев подчеркнул, что внедрение E-PASS способствовало повышению уровня безопасности на производственных объектах, оперативности реагирования на инциденты и укреплению пропускной дисциплины в компании.

Далее участники круглого стола подвели итоги деятельности служб безопасности за 2025 год, детально обсудив наиболее актуальные и проблемные вопросы, связанные с

обеспечением защищенности предприятий. В частности, особое внимание было уделено совершенствованию механизмов взаимодействия между СБ ДЗО и центральным аппаратом КМГ для оперативного решения возникающих проблем. Также была поднята тема актуализации локальных нормативных документов в сфере безопасности, чтобы они в полной мере соответствовали современным вызовам и требованиям законодательства. Участники встречи акцентировали внимание как на кадровом обеспечении служб безопасности, включая подбор и обучение специалистов, так и на усилении мер по защите объектов и повышению уровня информационной безопасности, что является критически важным в нынешних условиях. Отдельно было сказано о необходимости регулярного обмена лучшими практиками между предприятиями.

По итогам конструктивного обсуждения руководство департамента корпоративной безопасности КМГ отметило системный характер работы, проводимой службами, и обозначило конкретные направления для дальнейшего развития. Участники сошлись во мнении, что подобные встречи способствуют выработке единых стандартов и укреплению безопасности всей корпоративной структуры КМГ. **ЕГ**

## НЕТВОРКИНГ

## «ӘЙЕЛДЕР ЭНЕРГЕТИКАДА: ЭНЕРГИЯНЫ ЖЫЛЖЫТУ. ПРОГРЕСТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ» ФОРУМЫ:

Еңбек нарығындағы көшбасшы,  
мүмкіндік пен мотивация



Астанада KAZENERGY қауымдастығының ұйымдастыруымен Әйелдер энергетикалық клубының VII форумы өтті. Шараға Президент аппаратының, ҚР Энергетика министрінің және KAZENERGY қауымдастығының, «Теңішевройл» БК ЖШС, WPC Energy, NCOC, ExxonMobil Kazakhstan, KEGOC және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның еншілес кәсіпорындарының өкілдері қатысты. «Әйелдер энергетикада: Энергияны жылжыту. Прогресті қалыптастыру» тақырыбымен ұйымдастырылған форум биылғы «Жұмысшы мамандықтар жылының» аясында өтіп, онда экономика саласында жұмысшы мамандықтан бастап, көшбасшылық пен стратегиялық басқаруға дейін абыройлы қызмет етіп жүрген нәзік жандар өздерінің табыс жолдарымен бөлісті.



Форумның бағдарламасындағы пленарлық сессияда «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова сөз алып, отандық мұнай өндіруші компанияның болашақ мұнайшыларды дайындауға қосып отырған үлесіне тоқталды.

Айта кету керек, биыл Атырау қаласында С.Өтебаев атындағы мұнай және газ университетінің базасында оқу-өндірістік полигоны іске қосылған болатын. Бұл жоба – еліміздің мұнай-газ саласына қажетті білікті мамандарды даярлау ісінде тың серпін беретін заманауи талаптарына толық жауап бере алатын тәжірибе алаңы деп саналды.

Форумның екінші бөлімі «Саладағы әйелдер: жұмысшы мамандықтан көшбасшылыққа дейін» атты панельдік сессияға ұласып, әйел-инженерлер, геологтар, электромонтерлер және өндірістік кәсіпорын мамандары өздерінің қол жеткізген табыс жолдарын ортаға салды. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жыльоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва кен алаңының жетекші геологы Гүлнар Аязбаева панельдік сессияда Ембі өндірісіндегі 30 жылдан астам уақыт геология саласындағы еңбегіне тоқталып, табысқа жету жолдары бойынша ойымен бөлісті. [ET](#)

## АШЫҚ АЛАН

## РУХАНИ ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢА

Осы мақсатта ембілік мұнайшылар

Жұртшылық арасында соңғы уақытта жиі көтерілетін мәселе – рухани даму. Ал, рухани дамудың негізгі принциптеріне тоқталсақ – адамның өзіне деген сенімі, ертенгі күнге деген нақты бағдарламасы, адамдардың бір-біріне деген жанашырлық пен құрметтері. Өмірдің құндылығы да осында. Біз бүгінде бұл құндылықтарды қалай түсініп жүрміз? Ұлтыңның кемшіл тұстарын және күшті жақтарын білесің бе? Рухани даму – үздіксіз білім алу десек, бұл мәселені қалай жүзеге асырып жүрміз?



Жақында «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Мұнайшы қыз» клубының арнайы шақыруымен келген шығыстанушы, «Отбасы хрестоматиясы» жобасының авторы Санжар Керімбайдың мұнайшылармен кездесуінде осы мәселелер кеңінен әңгіме өзегіне айналды.

Кездесуде ұйымдастырушылар атынан сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова Санжар Керімбайдың бүгінде халқымыздың байырғы салт-дәстүрі мен ұлттық дүниетанымын насихаттап, аңыз-қиссалардың мәнін ұғынуға ерекше үлес қосып

жүргенін, кешегі күндерде ел үшін ірі іс-әрекеттерге барып, батылдығымен ерекшеленген бір топ алаш азаматтарының есімдерін жаңғырту мақсатындағы шығармашылығына талдау жасап өтті. Осы кездесуге арнайы дайындалған бейнекөрсетілімде Санжар Керімбайдың соңғы уақыттардағы кітаптары мен ол қатысқан подкасттарға да шолу жасалды.

Санжар Керімбай мұнайшылар алындағы өз сөзінде шығармаларының жазылу құпияларымен бөлісіп, ұлтымыздың кешегі күндегі ұлы тұлғаларының елдің болашағы жолындағы ерен еңбектеріне жан-жақты тоқталды. Әр кітаптың тарихын ортаға салды.

Компанияға қарасты барлық ұжымда өткен әрбір кездесу мазмұнды әрі әсерлі болуымен ерекшеленді. Мұнайшылар өздерін толғандыратын сан түрлі сауалдарын ортаға салып, оған автордың тұшымды жауаптарын да алады.

Айта кету керек, «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жыльоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларындағы Кәсіподақ ұйымының жетекшілері автордың мазмұнды да, әсерлі тілмен жазылған, жұртшылық арасында ұлттық қасиеттерімізді насихаттайтын кітаптарын тарту бойынша үлкен қолдау білдіріп, жұмысшыларға және жергілікті жерлердегі білім ордаларындағы кітапхана ұжымдарына кітаптарды сыйлыққа тарту етті.

Рухани ізденіс пен жаңа білімдерге ашық болу – бүгінгі



# БІЛІМДЕРГЕ АШЫҚ БОЛУ – БҮГІНГІ ЗАМАННЫҢ ШАРТЫ

ағартушы, шығыстанушы Санжар Керімбаймен кездесті

заманның шарты деген мақсатта ұйымдастырылған кездесуде Санжар Керімбайдың айтқан ой-пікіріне шолу жасап өтсек.

**Рухани-мәдени болмыс** дегеніміз қазақтың салт-дәстүріне, ұлттық тілі мен мәдени мұрасына ұмтылысты насихаттау.

Кез-келген халықтың өзіне тән ерекше қасиеті болады. Ұлттық болмыс деген міне, осы. Қарапайым тілмен айтсақ, ол – сатылмайтын байлық. Біздің ұлттың сатылмайтын байлығы – тілі, діні, мәдениеті, өнері. Мұның жиынтығы – тәуелсіз Отанымыз. Біз бүгінде байлықтарымызға қаншалықты денгейде қолдау біліріп жүрміз? «Құндылықтарымыз әлсіреп ба-



кітаптары, деректерді оқу арқылы жастардың жеке бастарын ғана ойламай, құлқынның құлы болмай, керісінше ұлттық санамен өсулеріне жол ашады. Сол себепті әрбір ата-ана болашақ ұрпағын жақсы қасиеттерді бойына сіңіре отырып, өз отбасында тәрбиелеу керек. Мамандар бұл жөнінде баланың бойына ұлттық тәрбиені дарытудың уақыты шектеулі екенін айтып дабыл қағуда. Қыз баланы 12 жасқа, ұлдарымызды 13 жасқа дейін бар рухани құндылығымызды дарытуға үнгеруіміз керек. Олардың бойына тек материалдық дүниеге ғана емес, рухани құндылықтарға деген қызығушылығын арттыра отырып, олардың ішкі әлемін байытып, өмір сүру ортасына жақсылық жасауға ұмтылуына



рады» деген пікірлер үстемдік ете бастаған қоғамда ұлттық болмысты сақтау, оны ертенгі ұрпаққа жеткізу – сіз бен біздің басты ұстанымыз болуы керек. Сонда ғана біз ұлттық руханиятымызды сақтап қаламыз.

**Білім мен тәрбие мәселесіне қаншалықты мән беріп жүрміз?** Елдің қаржылық ресурстарын білім ордаларына, тәрбиеге жұмсау арқылы баланың бойына бесік жырын, жыр-әңгімені, ертегіні сіңіреміз. Сол арқылы рухани даму санасын қалыптастырамыз. Анасы баласын бесік жырының әлдімен тәрбиеліп отырып, мейірімін береді. Ата-ананың мейіріміне бөленіп өскен бала ғана ағайын-тумасына, еліне, айналасына жақын өседі. Мейірімді болып өседі. Әлемде тұңғыш рет медицина ғылымының негізін қалаған Ибн Синаның «балаға алғашқы тәрбие ананың үнімен беріледі» деуі осыны ұқтырса керек.

**Отбасылық құндылық** бүгінгі таңда өзектілігін жоймай келеді.



Отбасылық салт-дәстүрді дамыту, баланың 12-13 жасына дейінгі кезеңінде ұлттық құндылықтарды бойына дарытуға үлгеру.

**Жастармен жұмыс** – бүгінгі қоғам көз ілеспес жылдамдықпен даму. Сол себепті жастар

бүгінде тоқсан жолдың торабында тұр. Қай жолға түсерін білмей дағдаратын сәттері де жиі болады. Осы орайда оларға сабақ болатын өнегелі тәжірибе керек. Ал, жастар мұндай тәжірибені қайдан алады? Кешегі елдің



болашағына үлес қосқан алаш азаматтарының іс-әрекеттеріне қарап бой түзейді. Олар туралы мәліметтермен таныса отырып, жастар бойларына ұлттық идеалдарға деген құшындысты дарытады. Мағыналы да мәнді

ықпал етуіміз керек. **Кездесуде айтылған пікірлерді түйіндесек, балаға алдымен тәрбие беруге мән беру маңызды. Әл-Фарабидің сөзін еске алсақ «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы».** **ЕГ**



## ТАНЫМ

ТЕҢГЕ ТУРАЛЫ  
СІЗ НЕ БІЛЕСІЗ?

1993 жылы 15 қарашада тәуелсіз Қазақстанның жаңа валютасы – теңге айналымға шықты.

● Төл ақшаның алғашқы партиясы елімізде ақша басатын фабрика жоқ болғандықтан, Ұлыбританиялық **Harrison&Sons** фабрикасында шығарылды. Бұл тапсырыс компанияның әлемдік деңгейде атын шығарып, теңгенің арқасында Ұлыбритания патшайымының Алтын белгісімен марапатталған. Ұлттық валютамыз Британия корольдігінің ең үздік экспорттық өнімі аталды.

● Алғашқы қағаз ақшалары **Лондоннан** Қазақстанға жеткізу үшін арнайы операция жасақталып, өте құпия жағдайда **18 әуе сапары** жасалған. Жаңа банкноталар облыстарда жасалған жерасты қоймаларына тасымалданып, **8 күннің** ішінде қазақстандық банктерге бөлінді.

● Алғашқы қазақстандық монета **Германияда** жезден және никель, күмістен жасалды.

● Валюта атауын таңдауда «ақша», «атын», «сом» сияқты атаулар ұсынылып, **«Теңге»** атауына тоқталған. Бұл көне түркі тілінен шыққан, «күміс» деген мағынаны білдіреді, ортағасырлық «денгег», «динар» атауларына да жақын.

● Теңгенің алғашқы дизайны каалам, қалықа, тұшья арқылы сайланды. Ұлттық валютаның дизайнерлері: **Меңдібай Әлин, Досбол Қасымов, Ағымсалы Дүзелханов, Тимур Сүлейменов, Хайрулла Ғабжаылов.**

● 2007 жылы теңгенің жаңа нышаны тандалды.

● Жылдың ең үздік банкнотын анықтау мақсатындағы жыл сайын өткізетін интернет-ауысы беру нәтижесінде 2011, 2012 және 2013 жылдары **теңге банкнотасы әлемдегі ең үздік қағаз ақша** ретінде танылды. Бұл – ел тарихындағы маңызды сәттік бірі. Өйткені, сол кезге дейін бірде-бір елдің ұлттық валютасы үш рет марапат алып көрмеген.

● Ең алғашқы теңгеді әл-Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Шоқан, Абай, Әбіқайыр мен Абылай хандардың суреті болған. Кейіннен 2006 жылы **теңгенің кескіні өзгеріп**, жаңа үлгідегі банкноталар біріншілік стильде жасалды, сәулет нысандары, пейзаждар мен ұлттық белгілер белгіленген.

● Теңге – бірнеше қорғаныс дәрежесі бар **әлемдегі ең қорғалатын** валюталардың бірі.

1997 жылдан бастап, 15 қараша – теңге күні және Қазақстан Республикасының қаржы саласы қызметкерлерінің күні ретінде белгіленді. Осы салада табысты қызмет атқарып жүрген әріптестерімізді кәсіби мерекемен құттықтаймыз!



## ЖАҢА ЖОБА

«Ембімұнайгаз» АҚ-да «Ішкі жаттықтырушылар мектебі» жобасы қорытындыланды. Бұл жаңашыл бастаманың мақсаты – қызметкерлердің тәлімгерлік құзіреттерін дамыту. Сол үшін ЕМГ қарасты 6 құрылымдық бөлімшеден жинақталған 25 қатысушы еліміздің бірнеше қалаларында өткен модульдік оқу бағдарламасына қатысты.

Аталған жобаның тиімділігі қандай, қатысушыларға не берді? Былғы мамыр айында басталған дәрістер барысында ембіліктер жаттықтырушылық дағдыларын қалыптастырып,

ұйымдастырылған қорытынды шарада әр қатысушы тақырыптық тренингін жасақтап, презентация жасады. Әр сала бойынша жауапты бөлім, салалардың жетекші қызметкерлерінен құралған сарап-

ІШКІ ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР МЕКТЕБІ:  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН КОММУНИКАЦИЯНЫ ДАМУ АЛАҢЫ

оқыту бағдарламасын жобалау мүмкіндігіне ие болды. Аудиториямен, тренингтің «қиын» қатысушыларымен жұмыс істеумен қатар, жеке және кәсіби дағдыларын дамытты.

Соған сай, жаттықтырушылар пулына үміткерлер қазақстандық жетекші коуч-тренерлер мен кәсіби актерлерден теориялық және практикалық курстардан өтті. Бұдан соң, сторителлинг, яғни, кез-келген тақырыпты логикалық тұрғыдан түсінікті әрі қызықты ашуды, жайсыз сұрақтарға жауап беруді, аудитория алдында өзін сенімді ұстауды меңгерді.

– «Ембімұнайгаз» АҚ өз қызметкерлерінің жан-жақты дамуына, соның ішінде коучинг дағдыларын қолдана отырып, өзгелерді оқыту қабілетіне де ерекше көңіл бөледі. Қазіргі заманғы мұнай өндіру кәсіпорны үшін өзекті тақырыптар бойынша тренер болу – оңай емес. Бұл қызмет аудиториямен байланыс орната білу, шешендік шеберлік, тіпті қызығушылық танытапқан қатысушылардың да назарын аудару алу және жалпы алғанда – адам өзін жан-жақты жетілдіруді талап етеді. Осы мақсатта Компанияда «Ішкі жаттықтырушылар мектебі» жобасы ұйымдастырылды. Қаржыны модульдік оқытудың нәтижесінде мықты, ішкі команда қалыптастырылды, – деп атап өтті **Бас директорың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенов.**

Сабакезінде жобасының озық өндірістік технологиялар, тұрақты даму, экологиялық тазалық, ресурстарды ұқыпты пайдалану, әлеуметтік жауапкершілік салалары бойынша білімдерін жетілдірді.

Тренинг бағдарламасына сай, қатысушылар Атырау, Алматы, Астана, Бұрабай қалаларында ұйымдастырылған 5 модульді оқуды менгеріп, оффлайн және онлайн форматтағы тренинг, сессияларға қатысты.

Ал, Атырау қаласында



## ЖОБА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ:

- **«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ:** Мұрат Түлешов, Тағат Қабдолов, Хасимхан Өтениязов, Аманжан Жұмағұлов, Құттымұрат Өмірзақов;
- **«Қайнармұнайгаз» МГӨБ:** Жұмабай Аманов, Ербол Бағдабаев, Жәніс Дюсәліев, Ерболат Тәттібаев;
- **«Доссормұнайгаз» МГӨБ:** Ануарбек Түрсиев, Ержан Уламбаев, Мәди Сәрсекенов;
- **«Жайықмұнайгаз» МГӨБ:** Абылайхан Жұмағазиев, Роман Сабиров, Рұслан Дүсіпқалиев, Ғайса Боранбаев, Нұрлан Қалиев, Айхан Сағынғалиев, Айдарбек Хайрханов, Ақмарал Усадиева, Бердібек Адилов;
- **«Ембімұнайэнерго» басқармасы:** Нұрлан Құтманбетов, Мирамбек Өткелбаев;
- **ӨТКЖЖК басқармасы:** Айболат Тілеуберген, Амангелді Байзақов.

## АТАЛЫМ БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗДАР:

- **«Үздік тренер»** – Абылайхан Жұмағазиев;
- **«Үздік презентация»** – Құттымұрат Өмірзақов;
- **«Жаңашыл көзқарастағы тренинг»** – Бердібек Адилов;
- **«Өндіріс құндылығын арттыратын тренинг»** – Ерболат Тәттібаев;
- **«Үздік сарапшы-тренер»** – Айдарбек Хайрханов;
- **«Үздік тренер-практик»** – Ақмарал Усадиева;
- **«Шабьт пен жігер»** – Тағат Қабдолов.

шылар 25 қатысушы арасынан 7 номинация бойынша жеңімпаздарды анықтады.

Ауқымды жобаның соңында бүгінгі таңда өзекті саналатын кез-келген тақырыпты зерттеп, Компания қызметкерлеріне жеткізе алатын ішкі жаттықтырушылар пулы қалыптастырылды.

Тәжірибеге бағдарланған тренингтің қорытындысы бойынша қатысушылардың барлық бастама, жобалары жүйелендіріліп, Компанияның ішкі тренинг институтын одан әрі дамыту үшін пайдаланылады. **ET**

## Абылайхан ЖҰМАҒАЗИЕВ,

## «Жайықмұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстары цехінің шебері:

– Ішкі ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында Компанияда қолға алынған осы жоба мен үшін үлкен мектеп болды. Маңызды тақырыптарды қамтитын дәрістер оқып, білім, тәжірибе жинақтадық. Әртүрлі семинар, тренингтерден инсайттар алып, көпшілік алдында сөйлеу, ішкі ресурстарды бағалауды үйрендік.

Бірнеше айларға созылған оқу нәтижесінде өзіміз тақырыптық тренингтер дайындап, арнайы құрылған комиссия алдында таныстырылмын жасадық. Мәселен, мен «Үнғымааларды зерттеу жұмыстары цехінің процесіне кіріспе» тақырыбында тренинг өткіздім.

«Менің жобам кімге арналған және күтілетін нәтиже қандай?» деген сауалға тоқталар болсам, ең алдымен жас мамандардың жұмысқа кірісіп кетуіне себепші боламыз. Интерпретация беріп, жұмысқа тез төселеу, жалпы жұмыс барысы қандай, қай мәселелерді ерекше назарда ұстау керек деген сауалдарға жауап алуына көмектеседі.

Тағат ҚАБДОЛОВ,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ

## мұнай-газ өндіру операторы:

– Тренингтің тақырыбы ретінде мұнай-газ өндіру операторларының тәлімгерлік және күзіреттіліктерінің бастауы деген мәселені алдым. Себебі, өзім мұнайшы болған соң, тәлімгер ретінде жас мамандар «Өндіріске қадам басарда нені білуім керек?» деген сұраққа жауап алыс, көрсін, үйренсін деген мақсатты көздедім.

Ертеңгі күні күнделікті жұмыс барысында қолданытын білім-біліктіліктерін жетілдірсін, ұстамдылықтарын дамытсын, өз-өздерін шыңдасын, сенімділіктері артысын деген межеге сай, өз тәжірибем негізінде жасақтаған жобам Комиссия шешімімен, «Шабьт пен жігер» аталымы бойынша үздік деп танылды.

Компанияда осындай бастаманың қолға алынғаны біз үшін ерекше қуаныш болды. Жаңа сатыға қадам басуға мүмкіндік бергені үшін барлық қатысушылар атынан алғыс білдіремін.

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

## «САПАЛЫ ЖҰМЫС ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ОҢ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ»

Эмбі өндірісіндегі еңбек өтілі 40 жылға жуық уақытты құрайтын, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының слесарь-жөндеушісі Жантас Сенғалиев – өндірістің тоқтамай, қалыпты жұмыс жасауына үлес қосып жүрген еңбек адамының бірі.

Әр келген құрылғыны уақытылы жөндеп, қайтадан орнына салып, қалыпты жұмыс жасауына жағдай жасау бағытында тер төгіп жүрген ол өз ісі туралы егжей-тегжейлі түсіндіруге әркез лайын. Бұл саладағы 37 жылдан астам тәжірибесімен үнемі айналасындағы әріптестер, жас мамандармен бөлісуге бейім маман – ортасына сыйлы, еңбегі үлгілі.

Біз жұмыс орнына барған кезде кранның істен шыққан бөлшегін жөндеп жатқан Ж.Сенғалиев жұмыс тоқтап қалмауы үшін жөндеу жұмыстарын тездетіп жүргізу оның басты ұстанымдарының бірі екенін айрықша атап өтті. «Кеше сорғының поршонын жөндедік. Кез-келген тапсыр-



маны сапалы, уақытында орындау табысты еңбекке, жақсы нәтижеге бастайды. Бұрын көп жұмыс қолмен жасалды,

сондықтан ауырлау болды. Қазір автоматтандырылғандықтан, жеңілдеді» дейді ол.

Кен алаңында ауысымдық режиммен жұмыс жасайтын ол алаңсыз жұмыс жасау үшін барлық жағдай жасалғанын айтып, бос уақытында спортпен шұғылдануды да дәстүрге айналдырғанын жеткізді. Қуантарығы сол, осындай өмір салтын ұстанатындар көп.

«Мәселен, бұрын спорт алаңы ашық алаңда орналасты. Әрине, қолайсыз ауа-райында бұл ыңғайсыздық туғызатын еді. Қазір, міне, 2 жыл болды, жана ғимарат бар, өте ыңғайлы. Бұл – Компания басшылығының жұмысшылар талабымен санасатынының айқын көрінісі» дейді әріптесіміз. **ЕҒ**

## ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ ТӘЛІМГЕР

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстары цехының ұнғымаларды зерттеу операторы Бекен Жұмагелдиннің 20 жылдан астам еңбек өтілі бар. Тәжірибелі маман – білгімен бөлісуден талмайтын тәлімгер.

«Жұмыс барысында оқу, үйрену тәжірибе жинақтау қандай маңызды болса, білгеніммен бөлісу де сондай мәнге ие. Мен 10 жылдан астам уақыт бойы тәлімгер ретінде студенттердің оқу үрадістеріне араласып келемін. КБТУ, АРЕС, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университеті сияқты білім ордаларынан келген жастардың дуалды оқу әдісі арқылы теориялық білім алуларына, тәжірибе жинақтауларына ықпал ететіміз», – дейді ол.

Компанияның дамуы, өндірістік көрсеткіштерінің сапалы, уақытылы орындалуы жолында тер төгіп жүрген ол үшін еңбегінің нәтижесінде бірқатар марапаттарға қол жеткізуді – серпін беретін күш, ортақ жұмыстың табысты боларының кепілі. Мәселен, 2021 жылы Б.Жұмагелдин эмбілік жыл үздіктері қатарынан табылып, «Жылдың үздік тәлімгері» номинациясын жеңіп алды. Сонымен қатар, 2024 жылы Қызылқоға ауданы бойынша «Үздік мұнайшы» аталымының иегері болды.

«Біздің еңбегімізді бағалап, қолдап отырған мекеме басшыларына зор алғысымызды білдіремін. Мамандықтың үлкен-кішісі жоқ, ең бастысы – ісінді шын жүрегімен сүйіп жасасаң, ләззат аласың. Жастарға айтарым, ерінбей еңбек етсеңдер, еңбектеріңнің жемісін міндетті түрде көресіңдер», – дейді ол. **ЕҒ**



## «ЖЕТІСТІК ӘР ІСІҢДІ ЖАҚСЫ КӨРІП ЖАСАУДАН БАСТАЛАДЫ»

«Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехының слесарь-жөндеушісі Жолдасқали Тайбуриеттің күнделікті жұмысы – тәртіппен, жауапкершілікпен өрілетін процесс.

«Таңертең жұмысқа келгенде міндетті түрде медициналық тексеруден өтеміз. Бұл – денсаулық пен қауіпсіздікке деген ерекше көзқарастың дәлелі. Одан кейін техникалық қауіпсіздік бойынша нұсқамадан өтіп, механиктен күнделікті жұмыс барысындағы тапсырмаларды аламыз. Әр берілген міндеттеме – мұқият орындалуы тиіс іс. Ұнғымалардың ақаусыз жұмыс жасауын қадағалау, оларды жөндеуден бастап, ескірген бөлшектерін



ауыстыруға дейінгі әрбір әрекет өндірістің сапасына тікелей әсер етеді. Біздің ортақ мақсатымыз – мұнай өндірісінің сапалы әрі жоспарға сай орындалуы. Бұл – тек менің емес, бүкіл ұжымның ортақ міндеті», – дейді кейіпкеріміз.

Ол өз мамандығын мақтан тұтады, ісін жақсы көреді және ел экономикасына қосып жүрген үлесін үлкен жауапкершілікпен сезінеді. Ең бастысы өз білімімен басқалармен бөлісіп, берілген тапсырмаларды орындауда мұқияттылық танытып келеді. Өйткені, қарапайым еңбек иелерінің тиянақтылығы мен кәсіби шеберлігі – Компания жетістігінің іргетасы. Соған сай, қара атын өндірісіне үлес қосып жүрген мамандардың әр күні – тұтастай өндірістегі үздіксіз қозғалыстың бір бөлігі. **ЕҒ**

## «БҰЛ – МАМАНДЫҚ ЕМЕС, ӨМІРЛІК ЖОЛ»

Мұнай өндірісі – төзімділік пен табандылықты талап ететін сала. Бұл жолда сан қилы кезеңнен өтіп, шыңдалған мамандардың бірі – бүгінде «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Гран кен орнындағы мұнай дайындау учаскесінде оператор болып еңбек етіп жүрген Серік Ибраимов.

Балалық шағы, осы салаға бет бұруы, еңбекке араласқан алғашқы жылдарындағы өндірістегі жұмыс барысын еске алған ол: «Әкем теміржолшы болды, соның жұмыс бабымен Исатай ауданына қоныс аудардық. Мектепте оқып жүрген кезде әкем қайтыс болып, ерте есейдім. Сол уақыттағы кезіккен қиындықтарымызды жеңуге талпыну, әжем, анам, қарындастарыма қамқор болу мен үшін негізгі ұстанымыма, өмірлік тәжірибеме айналды. Кейін қара алтын өндіру саласына келгенімде де еңбекке деген құшшыныс, өз ісіме деген адалдық сияқты талпыныстарым атаққан салаға бейімделіп кетуіме көп септігін тигізді. Еңбек жолымды жерасты жәй жөндеу цехының жұмысшысы болып бастадым. Сол уақыттың ауырталығы мен өндірістің қатал тәртібі нағыз еңбек мектебіне айналды. Арнаулы киім жоқ, аяқта – резеңке етік. Сонда да өндірістің тоқтап қалмауына, дамуына бар күшімізді жұмсап, үлесімізді қостық. Мұнай өндірудің күрделі процесін тәжірибемен ұштастырып, алғаш еңбек еткен цехтағы Ерік Достанов, Мұратбек Хасанов сияқты ағалардың арқасында көп нәрсе үйрендім» дейді.

Ал, 2005 жылы мұнай дайындау және айдау цехына ауысып, тұзсыздандыру және сусыздандыру қондырғысының операторы қызметін атқарды. Бұл цехта да Өмірболат Сұлтанғалиев, Болат Өтешқалиев сынды аға буынның қолдауымен әр қондырғылардың қыр-сырын менгеріп, кәсіби шеберлігін арттырды.

«Мұнай саласын игеру үлкен жауапкершілік пен тиянақтылықты талап етеді. Бірақ, жұмыстың қиындығынан қашпай, өз ісінді шын жүректен сүйіп атқару керек» – дейді ол. Бүгінде 30 жылдан астам еңбек өтілі бар оператор – жас мамандарға үлгі, мұнайшы еңбегінің қадірін терең түсінетін жан. Ол үшін бұл сала – тек мамандық емес, өмірлік жол. **ЕҒ**



## ЕЕ ЭНЕРГИЯ – В ДЕЛЕ

Четверть века трудится в управлении «Эмбаэнерго» Наталья Лебедева. После окончания Атырауского политехнического колледжа по специальности «Электроснабжение», она получила направление на работу в АО «Эмбаэнерго-нефть». Молодого специалиста тепло приняли в большом коллективе.



– Меня определили электромонтером участка релейной защиты. Первым наставником был начальник этого участка Петр Андреевич Титов, – вспоминает Наталья. – Теоретические знания здесь я начала уже подкреплять практикой. Конечно, все было интересно: изучать электросхемы, саму систему релейной защиты, узнавать, как проводятся настройки защитных устройств и многое другое.

Стремление к новым знаниям и интерес к электротехническому процессам привели её в отдел электрохимической защиты, где

вместе с коллегами успешно решала задачи по защите оборудования от коррозии, тем самым обеспечивая ее безопасную и надежную эксплуатацию.

Сейчас Наталья Лебедева трудится инженером-энергетиком производственно-технической группы. Нужно отметить, что на каком бы участке не работала Наталья, ее всегда отличают профессионализм, трудолюбие, ответственность. Ее весомый вклад в обеспечение бесперебойной и эффективной работы энергетических систем был отмечен в этом году Почетной грамотой АО «Эмбаэнерго». **ЕҒ**

## МЕНІҢ ӘЛЕМІМ

Алдыңызға мақсат қойдыңыз. Белгілі бір межеге жетуіңіз көздейсіз. Жоспар құрасыз, талпынасыз. Осы жолда Сізге кім көмекке келуі мүмкін? Әрине, өзіңіз.

Өзіңді алға итермелеу – жетістікке жетудің қарапайым әрі тиімді жолы. Психологтар мен коучтардың кеңесіне сүйене отырып, пайдаңызға жарауы мүмкін мотивациялық лайфхактар қатарында тиімді тәсілдердің бірі саналатын «5 минут» ережесі туралы шағын шоу жасайық.

Жалпы ұғым бойынша 300 секунд аса көп уақыт емес. Бірақ бұл – сиқырлы уақыт. Өйткені, кез-келген адам «5 минут ұйықтап алайын», «5 минут жатып, көз ілдіріп алайын», «5 минут отырып, тынығып алайыншы, сосын бастаймын» деп бір нәрсе жасағысы келмей немесе еріңшектік танытқан кезде өзін-өзі алмайтын кездері болады. Немесе керісінше, «Маған тағы да 5 минут беріңіз» деп, ауқымды жұмысты аяқтап тастауға осы мерзім жеткілікті деген ұстанымға тоқтайды.

Соған сай, ғалымдар бұл тіркестің тек

## «5 МИНУТ» ЕРЕЖЕСІ

сөз еместігін дәлелдеген. Яғни, Оксфорд университеті дәрігерінің айтуынша, «5 минут» ережесі – ми жалқаулығын жеңудің ең қарапайым жолы.

Бұл қандай ереже? Ол өте қарапайым: бір істі жасағыңыз келмей, кезегеніз кері тартып тұрған кезде, соған қарамастан «тек 5 минут қана істеймін» деп ойлап, кірісіп кетіңіз. Арнайы таймер қойып, басқа ештеңеге алаңдамай, тек сол міндетті ғана жасаныз. Мәселен, жүгіру туралы көптен жоспарлап жүрсеніз, аяғыңызға кросс киіп, айнаның алында 5 минут тұрып көріңіз. Еркіңізден тыс секіріп, жүгіру қимылдарын жасап, дененіңіз қыздыруға кірісіп кеткеніңізді байқамай да қалуыңыз мүмкін. Енді қалғаны сыртқы есікті ашып, далаға шығу, жаттығуларға кірісіп кету ғана.

Яғни, қолыңнан келмейтіндей көрінетін істі кем дегенде 5 минут істеуге өзіңді итермелеу керек. Әдетте адамның миы, санасы үлкен, көп уақытты талап ететін жұмысқа бірден кірісуге қарсылық білдіреді. Бірақ тек қана «5 минут» бөлемін десеңіз, ми-сананың қарсылығы азаяды.

Демек, аталған ереже адамды істі бастаудан қорықтауға үйретеді.

Таймер соғылғаннан кейін, сіздің екі таңдауыңыз бар: тоқтау немесе тоқтау туралы шешім қабылдасаңыз, ол да – қалыпты жағдай. Өз-өзіңізді тыңдау маңызды. Ең бастысы, сол бес минуттың өзінде-ақ бір істің басы басталды. Яғни, қадам жасалды. Бұл – алға жылжудың нақты белгісі. Өзіңізге берген уәденіңіз орындалғанын, әрі ешнәрсе істемеу сезімінен гөрі, кішкентай болса да ілгерілеушілік жасағаныңызды сезініп, қанағаттанасыз.

Ал, жалғастыруды жөн санасаңыз, құба-құп. Көбінесе, 5 минут өткен соң, сіз бастаған ісіңізді әрі қарай жалғастырығыңыз келеді. Өйткені, бұл тәсіл адам миының жұмыс істеу ерекшеліктеріне негізделген. Бұған қоса, физикадағыдай, адам әрекеттен де инерция бар. Қозғалыстағы денені тоқтату қиын, ал тыныштықтағыны қозғату қиын. Демек, межелі 5 минут ішінде бастапқы кедергі бузылады және әрекет басталады.



Күнделікті өмірде 5 минут ішінде жасалатын әрекеттері жүзеге асыруға тырысқан жөн. Мысалы, 5 минут кітап оқу, қысты күндері 5 минут балқонға шығу. Осылайша, жаңа әдет қалыптастыруға жол ашасыз. Ал, қайталанған әрекеттер уақыт өте келе әдетке айналып, оны орындау миға әдепке айналып, жеңіл бола бастайды. Осылайша, 5 минут уақытты тиімді пайдалану арқылы алаңыңызға ауыр мақсат қоя аласыз. Ең бастысы – жетістік жету өз қолыңызда екенін ұмытпаңыз. **ET**

## ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІ

## САРАЙШЫҚҚА САПАР

«Ембімұнайгаз» АҚ жас мамандардың жан-жақты дамуына көңіл бөледі. Осы ретте Компанияның «Жас мамандар» кеңесі табысты жұмыстар атқарып келеді. Жоспарлы іс-шаралар қатарында білім жетілдіру, тәжірибе жинақтаумен қатар, рухани, мәдени бағыттағы даму тетіктері де қарастырылған.



Соның айғағындай ембілік жас мамандар Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына сапар шекті.

Танымық іс-шара аясында Компанияның бас кеңесінде «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенбетовтың қабылдауында болды.

– Жас мамандар – қашан да идея мотиваторлары. Жаңашылдыққа жақын, креативті буын қалыптастыру мақсатында Компания тарапынан көптеген бастамалар жүзеге асырылуда. Соның жауабы ретінде Сіздер де өз тараптарыңыздан ұсыныс білдіріп, бастамалар көтеруге бейім болғандарыңыз жөн. Әрқашан ашықпыз. Өндірістік мақсатта пайдалануға, Компанияның болашағы үшін тиімді идеялары қолдауға дайынбыз, – деген Қайрат Жаншаулы жеке имидж, мекеме имидж, сауаатты өмір салты, рухани даму тақырыптарын да ортаға салды.

Басқосу барысында жаңадан жасакталып жатқан корпоративті порталдың жалпы таныстырылымы өтіп, ұсыныстар тыңдалды.

Кейін Ембі жастары көне шаһардың тарихымен танысып, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығын аралады.

Айта кетейік, сапар мақсаты – жас мамандардың тарихи-мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыру, рухани-танымдық деңгейін көтеру және ұжымшылдық байланысты нығайту. **ET**

### ТҰМАУ МЕН ЖРВИ АЛДЫН АЛУ

**Тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ)** – бұл тыныс алу жолдарының жіті вирустық аурулары, олар ауа тамшыларымен (желтегенде, түшкіргенде және науқас адаммен сөйлескенде), сондай-ақ ластанған беттер мен қолдар арқылы байланыс-тұрмыстық жолмен беріледі.

#### Тұмау мен ЖРВИ ауруынан қалай сақтануға болады

- Қолыңызды сабымен үнемі кем дегенде 20 секунд жуыңыз.
- Қол антисептиктеріні қолданыңыз (әсіресе қоғамдық заңтармен байланыста болғаннан кейін).
- Лас қол мен бетке (көзге, мұрынға, ауызға) тигізбеңіз.

- Жыл сайының тұмауға қарсы вакцинациядан өтіңіз.
- Иммунитетті сақтаңыз: дұрыс тамақтану, дәрумендер, жеткілікті ұйқы.
- Физикалық белсенділіппен айналысыңыз және ашық ауада серуендеңіз.

- Бөлмелерді үнемі желдетіп отырмыз.
- Дезинфекциялау құралдарымен дымқыл тазалаңыз.
- Ғишайлы ылғалдылық пен ауа температурасын сақтаңыз.

- Тұмау белгілері бар адамдармен тығыз байланыста болудан аулақ болыңыз.
- Өзіңізді және айналыңыздағы адамдарды қорғау үшін ЖРВИ маусымында қоғамдық орындарда медициналық маска киіңіз.
- Науқастардан күріңізсіз қашықтықты сақтаңыз.

#### Аурудың алғашқы белгілері:

Жоғары температура

Жөтел / тамақ ауруы

Бас ауруы

Бұлшаңқыттар мен бұландардағы ауырсыну

Мұрыннан су ағу

**Симптомдар пайда болған кезде:**

1. Дәрігерге барыңыз.

2. Толық қалпына келгенге үйде болыңыз, тыныштықты сақтаңыз және жеткілікті мөлшерде ішіңіз.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram – «Ембімұнайгаз» АҚ

Instagram – @embamunaigas.kz

TikTok – @embamunaigas

Facebook – Ембілік Мұнайшы

You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № КЗ69ҰҰ00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.  
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.  
Хат-материалдары төмендегі мекен-жайға жолауы аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС  
Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;  
Қ.Әбенбетов – Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;  
Ә.Қаримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;  
Г.Қулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.